

Сабақтың тақырыбы

Paint графикалық редакторының құралдары

Сабақтың мақсаттары:

Білімділік. Графикалық редактормен жұмыс істеуге үйрету. Редактордың құралдарын дұрыс пайдалана отырып, өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

Дамытушылық. Оқушылардың бояу, бүріккіштің, өшіргіштің өлшемін өзгерте білу, ойлау қабілеттерін арттыру, танымдық белсенділіктерін дамыту.

Тәрбиелік. Есептеуіш техника кабинетіндегі қауіпсіздік техника ережесін сақтау.

«Біле бер, қанша білсең,- тағы тіле,
Жетерсің мұратыңа біле, біле».

Жүсіп Баласағұн

I. Үй тапсырмасын тексеру

“Ой толғаныс”

тест тапсырмалары

Дұрыс жауабы

1. А

2. С

3. В

4. Д

5. С

6. А

7. С

8. А

9. Д

10. В

«Біле бер, қанша білсең,- тағы тіле,
Жетерсің мұратыңа біле, біле».

Жүсіп Баласағұн

II. Постермен жұмыс:

Әр топ компьютердің адам өміріне пайдасы мен зиянының өзектілігін көрсету.



«Біле бер, қанша білсең,- тағы тіле,
Жетерсің мұратыңа біле, біле».


Жүсіп Баласағұн

III. Жаңа сабақты түсіндіру

Құралдар
тақтасы



Paint құралдары:



Ерікті аймақты белгілеу құралы



Белгілеу құралы



Өшіргіш/түрлі түсті өшіргіш




Құю (Заливка)



Түс таңдау құралы



Масштаб құралы



Қарындаш




Кисть құралы






Бүріккіш (пультверизатор эффектісі)




Жазу немесе мәтін енгізу




Түзу сызық



Қисық сызық




Тік төртбұрыш



Көпбұрыш



Эллипс



*Бұрыштары дөңгеленген
тік төртбұрыш*

Түзу сызық сызу



Түзу сызық, сызу айрықша еңбекті талап етпейді. Түзу сызық сызу үшін:

1. Линия батырмасын шертеміз

2. Құрал-саймандар жиынының астындағы жақтаудан сызықтың қажетті өлшемін таңдаймыз.

3. Маус нұсқағышын сызық басталатын орынға апарып қоямыз.

4. Маустың сол жақ батырмасын басып тұрып, сызық аяқталатын орынға тасымалдап апарамыз.

5. Маустың батырмасын жібереміз.

Төртбұрыштар мен квадраттар салу



Тік төртбұрыш құралымен боялған және боялмаған тік төртбұрыштар салуға болады.

1. Прямоугольник батырмасын шертеміз.

2. Тік төртбұрыштың қажетті түрін таңдаймыз:

1-тек жақтау, 2-жақтау, 3-тек толтыру.

3. Маус нұсқағышын тік төртбұрыш салғыларын келетін жерге орналастырыңдар

4. Маустың сол жақ батырмасын басып тұрып нұсқағышты тік төртбұрыш жақтауын созып қажетті өлшем мен пішін шыққанша тасымалдандар.

5. Маус батырмасын жіберіңдер.

Бұрыштары дөңгеленген тік

төртбұрыштар салу

Дөңгеленген тік төртбұрыш құралының көмегімен бұрыштары дөңгеленген, іштері боялған және боялмаған тік төртбұрыштар салуға болады. Ол үшін:

1. Бұрыштары дөңгеленген (Скругленный) прямоугольник батырмасын шерту керек.
2. Дөңгеленген тік төртбұрыштың қажетті түрін таңдаңдар.
3. Маус нұсқағышын төртбұрыш салатын орынға орналастырыңдар.
4. Маустың сол жақ батырмасын басып тұрып, нұсқағышты бұрышы дөңгеленген төртбұрыштың жақтауын соза тартып, қажетті өлшем мен пішін шыққанша тасымалдаңдар.
5. Маус батырмасын жіберіңдер.



Эллипс және шеңбер

салу

Эллипс құралымен іштері боялған және боялмаған эллипстер мен шеңберлер салуға болады. Ол үшін:

1. Эллипс батырмасын шертіндер.
2. Эллипстің қажетті түрін таңдаңдар: 1-тек шекара, 2 шекара және толтыру, 3-тек толтыру.
3. Маус нұсқағышын өздерің эллипс сызғыларың келетін орынға орналастырыңдар.
4. Маус батырмасын жіберіңдер.



Қисық сызықтарды салу



- 1.**Қисық сызық (Кривая) құралының батырмасын шертеміз
- 2.**Сызықтың қажетті қалыңдығын таңдаймыз.
- 3.**Түзу сызықтарды салу әрекеттерін орындаймыз.
- 4.**Маустың сол батырмасын сызықтың бүгетін жерінің жанында басамыз да, оң жаққа апарамыз.
- 5.**Осы әрекеттерді екінші әдіс үшін де қайталаймыз.

Көпбұрыштар салу:



1. Көпбұрыш (Многоугольник) құралының батырмасын шертеміз.

2. Көпбұрыштың типін таңдаймыз.

3. Бірінші сызықты саламыз

4. Екінші сызықты саламыз және т.с.с.

Құю (Заливка) құралын пайдалану:



- 1. Құю (Заливка) құралының батырмасын шертеміз.**
- 2. Түстер палитрасынан түс таңдаймыз.**
- 3. Бояғымыз келетін тұйық контурдың ішін мауспен шертеміз.**

Бүріккіш құралын пайдалану:



- 1.**Бүріккіш құралының батырмасын шертеміз.
- 2.**Түстер палитрасынан түс таңдаймыз.
- 3.**Бүріккіш дағының өлшемін таңдаймыз.
- 4.**Бояуды бүркеміз.

Қылқаламмен сурет салу:



1. Қылқалам (Кисть) құралының батырмасын шертеміз.
2. Қылқаламның пішіні мен өлшемін таңдаймыз.
3. Түстер палитрасынан қажетті түсті таңдаймыз.
4. Маус нұсқағышын бояуды бастайтын жерге орналастырамыз.
5. Маустың сол батырмасын басып тұрып, қылқаламды жылжытамыз.
6. Маус батырмасын жібереміз.

Өшіргіш құралын пайдалану:



- 1.**Ластик (Өшіргіш) құралының батырмасын шертеміз.
- 2.**Өшіргіштің өлшемін таңдаймыз.
- 3.**Маус нұсқауышын өшірілетін сызыққа орналастырып, маустың сол батырмасын басып тұрып өшіреміз.
- 4.**Батырманы жібереміз.

IV. Сергіту сәті:



Күшік пен мысық дос. Олар сурет салғанды ұнатады. Күшік қатарынан бірнеше күн Paint графикалық редакторында сурет салды. Ол оны мысықтың туған күніне сыйламақшы. Сурет дайын болар кезде, күшіктің бояуы төгіліп, барлық суретін жсауып кетті. Басқа сурет салуға күшіктің уақыты жоқ. Ол қатты ренжіді. Оған қалай көмектесеміз?



V. Деңгейлік тапсырма

A – деңгей

Геометриялық фигуралар сал.

B – деңгей

Бүріккіш құралын қолданып гүлдің суретін сал.

C - деңгей

Эллипс, **Сызық**, Қарындаш, Бүріккіш құралдарын пайдаланып, аққала сал. Шыршаны салу үшін **Сызық** құралын қолданыңдар. Шыршаны **Құю (Заливка)** құралының көмегімен жасыл түспен, ал діңін қоңыр түспен боя. Шелекті қызыл түспен боя. **Бүріккіш** құралын пайдаланып, аққаланың түймелерін сал.


«Біле бер, қанша білсең,- тағы тіле,
Жетерсің мұратыңа біле, біле».

Жүсіп Баласағұн











VI. Қорытындылау:

Графикалық диктант

ИӘ немесе ЖОҚ деп жауап береміз

ИӘ – 

ЖОҚ – 

- 1) Paint мәтіндік редактор 
- 2) Құю құралы кескін мен фон түсін бояйды. 
- 3) Қарындашпен әртүрлі түсте сызықтар салады. 
- 4) Paint графикалық редакторының терезесінің элементтері: меню жолы, құралдар тақтасы, тақырып жолы. 
- 5) Фигуралардың түстерін өзгертуге бола ма? 
- 6) Қисық сызық құралын таңдап алып түзу сызық сызымыз. 
- 7) Шеңбер сызу үшін Эллипс құралын таңдаймыз. 
- 8) Құралдар тақтасында 16 құрал бар. 
- 9) Дөңгеленген төртбұрышты экранда салу үшін, төртбұрыш құралын таңдаймыз. 
- 10) Құралдар тақтасында ерікті аймақты белгілеу құралы бар ма? 

«Біле бер, қанша білсең,- тағы тіле,
Жетерсің мұратыңа біле, біле».

Жүсіп Баласағұн

Сурет салу 5 кезеңнен тұрады.

- 1. Құрал таңдау.**
- 2. Өлшемін және типін таңдау**
- 3. Кескін түсін таңдау**
- 4. Фон түсін таңдау**
- 5. Сурет салу.**

Кескін түсі

Фон түсі



Палитра

«Біле бер, қанша білсең,- тағы тіле,
Жетерсің мұратыңа біле, біле».

Жүсіп Баласағұн

Үйге тапсырма:

§23 оқу

Жаңа жыл мерекесіне
сурет салу